

**Мектепке дейінгі білім берумен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған
консультациялық пункттің жұмыс жоспары**

Тақырыбы	Мазмұны	Жұмыс формалары	Жауаптылар	Мерзімдер
«Баланың денсаулығы біздің қолымызда»	Салауатты өмір салты дегеніміз не. Күн режимінің мәні, қатаю. Баланың денесінің қозғалыс кажеттілігі. Дұрыс тамақтану құпиялары	Консультациялар, ұсынымдар, практикалық сабақтар, мастер-класстар	Мейірбике	Қыркүйек
«Отбасындағы және МДҰ жастағы балалардың қауіпсіздігі»	Қауіпсіз мінез-құлықтың негізгі ережелері. Мектеп жасына дейінгі баланың қауіпсіздігін қалай тиімді қамтамасыз етуге болады. Мектеп жасына дейінгі баланың қауіпсіздігіне кім жауап береді	Әңгімелесу, ұсыныстар, практикалық сабақтар	Тәрбиеші	Қазан
«Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған білім беру ойындарының рөлі»	Ойынды қалай ұйымдастыруға болады. Отбасындағы бірлескен ойын. Оқу ойындарының түрлері	Әңгімелесу, ұсыныстар, практикалық сабақтар, мастер-класстар	Тәрбиеші	Қараша
«ЕБҚ бар баланы алып жүру ерекшеліктері»	ЕБҚ бар бала. ДМШ бар балаларды қолдау аясында мамандардың өзара әрекеті. МДҰ және үйдегі даму ортасы	Дәріс, ұсыныстар, практикалық сабақтар	Оқытушы- логопед	Желтоқсан
«Отбасылық бақыт әліппесі»	Естілмейтін бала. Қорқыныш та балалық шақтың қадамдары. Кішкентай забияки. Мен қандай анамын	Консультация, ата- аналарға арналған ұсыныстар, практикалық тренинг	Тәрбиеші	Қаңтар
«Үйдегі баланың қозғалыс белсенділігі»	Баланың қозғалыс саласының ерекшеліктері Балалар мен ата-аналарға арналған үй ойын орны.	Дәріс, ұсыныстар, практикалық сабақтар	Тәрбиеші	Ақпан

	Бала өміріндегі би қимылдары			
«Балалармен демалыс»	Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысының ықтимал нысандары	Консультация Ата-аналарға арналған ұсыныстар Балалар мен ата-аналардың практикалық қызметі	Тәрбиеші	Наурыз
«Бала өміріндегі ертегінің рөлі»	Баланың ақыл-ой дамуындағы танымдық ертегілердің рөлі. Ертегі терапия. Артикуляциялық ертегілер-үйдегі логопед	Дәріс Пікірталас Ата-аналарға арналған ұсыныстар	Тәрбиеші	Сәуір
«Ерте жастағы балаларды МДБ жағдайларына бейімдеу»	Бейімделу кезеңіндегі күн режимі. Баланы мектепке дейін бейімдеу кезінде ата-аналарға қалай әрекет ету керек. Бейімделу сипаты неге байланысты	Консультация Ата-аналарға арналған ұсыныстар Практикалық ұсыныстар	Тәрбиеші	Мамыр

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімінің №2 «Айсұлу» бөбекжай - бақшасы» МКҚК

«Балалармен демалыс»

(консультациялық пункт)

Тәрбиеші: Демеукулова Ж.

Тараз

Құрметті ата-аналар, демалыс күндері үйде және балабақшада күн тәртібін сақтау керек. Күн тәртібі-күні бойғы балалар қызметінің теңдей дұрыс бөлінуі: оқу қызметі, гигиеналық және шынықтыру процедуралары, қимылды ойындар, күндізгі ұйқы, өз бетімен жұмыс. Балалардың сергектігі, жақсы көңіл –күйі көбіне күн тәртібінің сақталуына байланысты болады. Баланың уақтылы тамақтанбауы, уақытында баланың ұйықтамауы оның мінез-құлқына әсер етеді мысалы: әлсіздік, тәбетінің болмауы, қыңырлануы, әрең ұйықтауы. Балабақшада күн тәртібі қатаң сақталады. Оның үйдегіден айырмашылығы бар. Жүйенің арқасында бала ұқыптылыққа, өзінің сырт келбетіне қарау әдетін қалыптастырады, өз заттарына еппен қарауға үйренеді. Тәртіп бойынша тамақтану баланың денсаулығына көңіл-күйіне қолайлы әсер етеді. Баланы күнделікті бір уақытта ұйықтату керек. Егер де баланың күні жүйесіз болса, кешке ол бәр күшін жоғалтады, бұдан еркелік басталады. Демалыс күндері Сіздер ата-аналар өз істеріңізбен бос болмай, балаға және балабақшаның тәртібін сақтауға уақыттарыңыз жетпейді. Сондықтан демалыс күндерден соң балалар балабақшада нашар ұйықтап, қыңырланады. Егерде ерте жастан тәртіп бойынша өмір сүріп әдеттенсе, оны ынталана орындайды. Ол тіпті уақыт келгенде ұйықтамаймын деп те бас тартпайды. Егерде кешкі сағат 9 да ұйықтаса, немесе жарты сағат кеш ұйықтаса, оны таңертең оятудың керегі жоқ-ол өзі сергек көңілді боп тұрады. Балада асықпай жаймен киінуге уақыты жеткілікті болады. Егерде күнделікті тамақтану, ұйықтау, серуендеу, әртүрлі қызмет түрлері бір уақытта қайталанып отырса, бұл баланың жүйке жүйесіне қолайлы әсер етеді. Тәртіп қоғамдық-әлеуметтік көзқарасқа ғана емес, сонымен бірге биологиялық жағынан да дұрыс. Мысалы, ас ішетін түскі не кешкі уақыт келсе, онда қарын мен барлық асқорту жүйесінде асты қорытуға дайындық жүре бастайды. Егер ұйқының уақыты келсе, сол уақыт шартты түрде ұйқыға ұйқыға жатуды қалайды. 5 жасқа дейінгі балалар тәулігіне 12,5-12 сағат ұйықтауы керек. Мектепке дейінгі жастағы балалар күндіз бір рет ұйықтайды. Баланың балабақшада өзін ұстауы көңіл-күйі оның күнделікті және демалыс күндеріндегі үйдегі қызметі мен ұйқысының ұйымдастырылуына тікелей байланысты болады. Ата-аналар демалыс күндері балабақшада белгіленген тәртіптен ауытқымай, соған сәйкес өткізу керек. Ата-аналар демалыс күндері таза ауада демалуға, кешкі серуенге, ұйқыға, әсіресе ұйқы алдындағы теледидар көру уақыт тәртібін сақтауға көңіл бөлу керек.

Педагог кеңесі

Күн тәртібінің баланы жалықтырмай пайдалы және дамуы үшін күнді қалай құру керек?

Әдетте таң жуынуудан басталады. Баланы таңертең тізін тазалауға үйрету маңызды. Бұл пайдалы әдет кішкентай кезден әдеттенсе өмір бойы бекітіледі.

Оған қалай дұрыс жуынуды, тісті тазалауды, шашты тарауды көрсетіңіз.

Келесі кезең- таңғы ас. Баланың назарын дұрыс тамақтану жайлы қызықты оқиғалармен аударыңыз. Қиындық туындауы мүмкін, өйткені барлық бала таңғы асты ішкенді ұната бермейді. Бұл жерде де ойдан шығарған әңгімелер көмектеседі. Онымен бірге бір тәрелкеден тамақ ішіңіз.

Баланың кестесі екі бөліктен тұрады: «түске дейін», «түстен кейін».

Баланың түске дейінгі уақытында белсенді, дамыту ойындарын ойнап, ал түстен кейін кітаптар оқып, балалар бағдарламасы мен мультфильдер көру пайдалы. Кешкі уақытта ата-анасымен тілдесуге уақыт бөлген жөн.

Күн тәртібін дұрыс қолдану дағдылықты, жүктемені дұрыс бөлуге, бос уақытты дұрыс пайдалануға әкеледі. Дұрыс күн тәртібі жүйке жүйесін күйзелуден, шаршаудан, тұйыққа тірелуден сақтайды. Дұрыс құрастырылған күн тәртібі тек ағзаны жақсартып қана қоймайды, сонымен қатар еркіндікке тәрбиелейді, өмірлік тонусты арттырады. Күн кестесінің әрбір бөліктері баланың жасына, еңбек қабілетіне, денсаулығына, мінез ерекшеліктеріне қарай қалыптасқан жағдайда баланың дұрыс өсіп, дамуына, ер жетуіне, денесінің шынығуына, ой өрісінің дұрыс қалыптасып, дамуына тиімді болады. Баланың демалыс күндеріндегі күн тәртібі балабақшаның күн тәртібіне бейімделіп ұйымдастырылу керек. Үйдегі күн кестесі дұрыс ойластырылған болмаса, ол баланың денсаулығына кері әсер етуі мүмкін. Күн кестесі дұрыс болмаса, баланың шаршау, қалжырауы үдеп, денсаулығы төмендейді. Сондықтан демалыс күндері күн тәртібін сақтап, балаңызға көп көңіл бөліңіз.